

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ РЕГЛАМЕНТ

БІРІНШІ БӨЛІМ

Мақсаты, қамту аясы, негіздеме және қысқартылған сөздер

Мақсаты

1- бап. - (1) Бұл регламенттің мақсаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің академиялық құрылымы және қызметі, сондай-ақ қызметтік міндеттері мен жауапкершіліктеріне қатысты тәсілдер мен негіздерді реттеу болып табылады.

Қамту аясы


2- бап. - (1) Осы регламент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің академиялық құрылымы және қызметі, сондай-ақ қызметтік міндеттері мен жауапкершіліктеріне қатысты тәсілдер мен негіздерді қамтиды.

Негіздеме

3- бап. - (1) Осы регламент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 5-ші бабының (е) және 8-ші бабының (с) тармақтарына негізделе отырып дайындалды.

Қысқартылған сөздер

- 4- бап.** - (1) Осы регламентте берілген;
- а) Кафедра меңгерушісі: Университеттің факультет, колледж, институт және орталықтарындағы кафедра меңгерушісін,
 - б) Декан: Тиісті факультет деканын,
 - с) Факультет кеңесі: Деканға академиялық мәселелерде көмекші болатын, факультет деканының басшылығымен кафедра меңгерушілері, оқытушылар, білімгерлер құрамынан үш жылға тағайындалатын мүшелерден құралған кеңесін,
 - д) Директор: Тиісті колледж, институт, Дайындық және тіл үйрету орталығы мен ғылыми-зерттеу орталықтарының директорларын,
 - е) Өкілетті Кеңес: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңесін,
 - ф) Өкілетті Кеңес Төрағасы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес Төрағасын,
 - г) Ректорат: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ректоратын,
 - h) Ректор: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Президентін,
 - і) Ректор Өкілі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің I Вице-ректорын,
 - j) Ректор орынбасарлары: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Вице-ректорларын,
 - к) Сенат: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенат мәжілісін,
 - l) Жарғы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің



Жарғысын

m) Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін,

n) Басқару кеңесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Басқару кеңесін

...білдіреді.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Университеттің органдары мен құрылымдық бөлімдерінің қызметтік міндеттері мен жауапкершіліктері

Ректор

5- бап. - (1) Ректордың тағайындалуы, қызмет мерзімі және қызметтік міндеттері мен жауапкершіліктері Жарғыда көрсетілген.

(2) Ректор Өкілетті Кеңестің келісімімен Қазақстан Республикасы тарапынан қолданыстағы заңнамаға сәйкес 5 (бес) жылдық мерзімге тағайындалады.

(3) Ректор орынбасарлары (Вице-ректорлар) Өкілетті Кеңес тарапынан белгіленген саннан аспау шартымен университет ректоры тарапынан тағайындалады. Университет ректоры қызметінің аяқталуы және жаңа ректор тағайындалуымен ректор орынбасарлары. Ректор орынбасарлары қайтадан сол қызметіне тағайындалулары мүмкін¹.

Ректор өкілі

6- бап. - (1) Ректор өкілінің тағайындалуы, қызмет мерзімі және қызметтік міндеттері мен жауапкершіліктері Жарғыда көрсетілген.

(2) Ректор өкілі (бірінші орынбасар) Өкілетті Кеңес Басқармасының ұсынысы негізінде Түркия Республикасының Жоғары білім кеңесі Атқару кеңесі тарапынан 4 (төрт) жылдық мерзімге тағайындалады. Ректор және ректор өкілі (бірінші орынбасары) қажет болған жағдайда, жоғарыда көрсетілген тәртіп бойынша қызметінен босатылады.

Сенат

7- бап. - (1) Сенаттың құрылымы мен қызметтері Жарғыда көрсетілген.

Басқару кеңесі

8- бап. - (1) Басқару кеңесінің құрылымы, қызметі және міндеттері Жарғыда көрсетілген.

(2) Басқару кеңесінің міндеттері мыналар:

a) Өкілетті Кеңес пен Сенат шешімдерін жүзеге асыру мақсатында белгіленген жоспарлар мен бағдарламалар бойынша Ректорға көмек беру;

b) Университеттің құрамындағы бөлімдердің ұсыныстарын ескере отырып, инвестициялық бағдарламалар мен бюджет жобасын қарастыру және Ректоратқа ұсыну;

c) Институт, факультет, және колледждің Басқару кеңестерінің әкімшілік-шаруашылық және қаржылық мәселелердегі шешімдеріне түсетін шағымдарды қарастырып, шешім қабылдау;

d) Ректор тарапынан қарауға ұсынылған төмендегі мәселелер бойынша шешім қабылдау:

1) Университет қызметкерлері мен студенттерге қатысты тәртіптік мәселелер,


2) Студент қабылдау, басқа жоғары оқу орнына ауысу және бөлім ауыстыруға

қатысты мәселелер,

3) Академиялық (оқытушылар) және әкімшілік-шаруашылық қызметкерлерін жұмысқа қабылдау мәселелері,

4) Шет елге жұмысқа жіберу туралы ұсыныстар,

5) Оқу жоспарына қатысты мәселелер,



б) Ғылыми мәжіліс (конференция, конгресс, семинар тб.) өткізу туралы ұсыныстар.

Факультеттер

9- бап. - (1) Факультет - жоғары білім беретін, оқу-әдістемелік, ғылыми- зерттеу, тәрбие жұмыстарын жүргізетін академиялық бірлік болып табылады. Факультет, негізінен әрқайсысы бөлек-бөлек білім беру бағдарламаларын іске асыратын кафедралардан құралады.

(2) Университет төмендегі факультеттерден құралады:

1. Әлеуметтік - Гуманитарлық ғылымдар факультеті (Түркістан).
2. Филология факультеті (Түркістан).
3. Экономика, басқару және құқық факультеті (Түркістан).
4. Спорт және өнер факультеті Түркістан).
5. Теология факультеті (Түркістан).
6. Жаратылыстану факультеті (Түркістан).
7. Инженерия факультеті (Кентау).
8. Медицина факультеті (Түркістан).
9. Стоматология факультеті (Түркістан)
10. Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеті (Шымкент)
11. **Foundation** (Кентау).

Декан

10- бап. - (1) Факультет және бөлімдердің (кафедралардың) өкілі болып табылады. Декан ректор және ректор өкілінің (бірінші орынбасарының) тарапынан ортақ шешім негізінде 4 (төрт) жылдық мерзімге тағайындалады, қажет болғанда дәл осындай тәртіппен қызметінен босатылады.

(2) Декан өзіне көмекші ретінде факультеттің толық штаттағы оқытушыларының арасынан декан орынбасарларын тағайындайды. Декан орынбасарлары декан тарапынан ең көп дегенде төрт жыл мерзімге тағайындалады. Декан қажет деп тапқан жағдайда, орынбасарларын ауыстыра алады. Деканның қызмет атқару мерзімі аяқталғанда орынбасарларының да қызмет мерзімі аяқталады.

(3) Декан жұмыс орнында болмаған кезде, оның орнына орынбасарларының бірі декан міндетін атқарады. Уақытша декан міндетін атқару мерзімі алты айдан асып кеткен жағдайда, жаңа декан тағайындалады.

(4) Факультет деканының міндеті, құзыреті мен жауапкершіліктеріне мыналар жатады:

а) Факультет кеңестеріне төрағалық етеді, факультет кеңестерінің шешімдерін жүзеге асырады және факультет кафедралары арасында жүйелі жұмыс жүргізілуін қамтамасыз етеді,


б) Әр оқу жылының соңында және талап етілген жағдайда, факультеттің жалпы жағдайы мен атқарылған жұмыстары және келесі оқу жылына дайындығы туралы Ректорға есеп береді,

с) Факультеттің материалдық-техникалық базасын күшейтеді,

д) Факультеттің даярлау бағыттары бойынша жаңа және инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және ендіру жұмыстарын ұйымдастырады;

е) Қолданыстағы білім беру бағдарламаларын сараптау, ұдайы жақсарту жұмыстарын ұйымдастырады;

ф) Факультеттің академиялық, ғылыми және тәрбие жұмыстарының жылдық жоспарын жасайды, іске асырады, нәтижелілігіне мониторинг жүргізеді жақсарту



шешімдерін қабылдайды,

g) Факультетте сапаны қамтамасыз етудің ішкі және сыртқы жүйелерінің жұмыстарын ұйымдастырады.

Факультет кеңесі

11- бап. - (1) Факультет кеңесі, деканға академиялық мәселелерде көмекші болатын және Жарғы бойынша факультет деканының басшылығымен кафедра меңгерушілері, оқытушы-профессорлар, білімгерлер құрамынан 3 жылға тағайындалатын мүшелерден құралады. Декан қажет деп тапқан жағдайда, факультет кеңесінің кезектен тыс мәжілістерін ұйымдастырады.

(2) Факультет кеңесі, алқалық басқару органы ретінде мына төмендегі міндеттерді атқарады:

a) Факультеттің академиялық, ғылыми және тәрбие жұмыстарына қатысты жоспарлар және бағдарламалар туралы шешім қабылдайды сала бойынша вице-ректорге ұсынады,

b) Факультетке қатысты шешімдер мен негіздерді жүзеге асыруда деканға көмектесу,

c) Факультеттің жоспары мен бағдарламаларының және академиялық күнтізбесінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді,

d) Декан тарапынан ұсынылатын мәселелер бойынша шешім қабылдайды,

e) Жарғы және регламенттерде көрсетілген басқа да міндеттерді атқарады.

Басқа да құрылымдық бөлімдер

12-бап. - (1) Ректораттың құрамынан университет Сенатының қабылдауы және Өкілетті Кеңестің бекітуімен дайындық, жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру сияқты жұмыстарды жүргізу немесе үйлестіру мақсатында құрылымдық бөлімдер; сондай-ақ оқу үдерісіне қолдау көрсету мақсатында ғылыми-зерттеу институттары, аурухана, ғылыми-практикалық және тіл үйрету орталықтары, үздіксіз білім беру орталығы, технопарк сияқты бөлімдер ашылуы мүмкін. Бұл бөлімдердің міндеттері, жұмыс тәртібі мен негіздері құрылым ережелерімен айқындалады.

Университетте түрік тілінде арнайы балалық орта білім, бакалавр және жоғары білімнен кейінгі бағдарламаларда қашықтан білім беру жұмыстарын үйлестіру мақсатында төмендегі орталық құрылған:

(2) Түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламаларының ғылыми-практикалық орталығы (ТҮРТЕП)

(3) Университетте ғылыми-практикалық жұмыстарды жүргізу мақсатында төмендегі ғылыми-зерттеу институты мен ғылыми-зерттеу орталықтары құрылған:

a) Еуразия ғылыми-зерттеу институты (Алматы)

b) Түркология ғылыми-зерттеу институты (Түркістан)

c) Археология ғылыми-зерттеу институты (Түркістан)

d) Экология ғылыми-зерттеу институты (Түркістан)

e) Ясауи тану ғылыми-зерттеу институты (Түркістан)

f) Жаратылыстану ғылыми-зерттеу институты (Түркістан)

g) Медицина ғылыми-зерттеу институты (Түркістан)

(4) Университетте дайындық, интернатура және біліктілік жетілдіріс курстарын жүргізу мақсатында төмендегі орталықтар мен бөлімдер құрылған:

a) Лингвистикалық орталығы (Түркістан)

b) Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс бөлімі (Түркістан)

c) Foundation (Кентау)

d) Үздіксіз білім беру орталығы (Түркістан)



е) Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеті (Шымкент)

Колледж

13-бап. - (1) Колледж - кәсіби білімнің түрлі деңгейлерінің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлім.

Университет құрамында төмендегі кәсіби колледж жұмыс істейді:

Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжі

Колледждің оқу үдерісі мен қаржылық-шаруашылық қызметін ұйымдастыруға және оперативті басқаруға директор жауапты. Жарғы бойынша колледж директоры ректор және ректор өкілі (бірінші орынбасар) тарапынан ортақ шешім негізінде 4 (төрт) жылдық мерзімге тағайындалады, қажет болғанда дәл осындай тәртіппен қызметінен босатылады.

Колледж туралы Ережеге сәйкес маңызды шешімдерді қабылдау Педагогикалық Кеңестің (Колледждің өкілетті органы, оқытушылар мен қызметкерлердің 3/2 жиналғанда заңды болып саналады) шешімімен жүзеге асырылады.

Кафедралар (бөлімдер)

14-бап. - (1) Кафедралар (бөлімдер) бір немесе бірнеше мәндес пәндер бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми жұмысты, білім алушылар арасында тәрбие жұмысын жүзеге асыратын факультеттің негізгі оқу-ғылыми құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

(2) Университет кафедралары төменде көрсетілген уәклетті органнан берілген мемлекеттік лицензияның қосымшалары негізінде бакалавриат, магистратура, резидентура, докторантура даярлау бағыттарының білім беру бағдарламаларын іске асырады:

6B011 Педагогика және психология

6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы

6B013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау

6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау

6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау

6B016 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау

6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау

6B021 Өнер

6B022 Гуманитарлық ғылымдар

6B023 Тілдер және әдебиет

6B031 Әлеуметтік ғылымдар

6B032 Журналистика және ақпарат

6B041 Бизнес және басқару

6B042 Құқық

6B051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар

6B052 Қоршаған орта

6B053 Физикалық және химиялық ғылымдар

6B054 Математика және статистика

6B061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

6B071 Инженерия және инженерлік іс

6B101 Денсаулық сақтау

6B111 Қызмет көрсету саласы

6B112 Гигиена және өндірісте еңбекті қорғау


7M011 Педагогика және психология

7M012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы

7M013 Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау

7M014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау

7M015 Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау



7M017 Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау
7M022 Гуманитарлық ғылымдар
7M023 Тілдер және әдебиет
7M031 Әлеуметтік ғылымдар
7M041 Бизнес және басқару
7M042 Құқық
7M052 Қоршаған орта
7M053 Физикалық және химиялық ғылымдар
7M054 Математика және статистика
7M061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
7M071 Инженерия және инженерлік іс
7M101 Денсаулық сақтау
7R091 Денсаулық сақтау
8D011 Педагогика және психология
8D015 Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау
8D016 Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды даярлау
8D017 Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау
8D041 Бизнес және басқару
8D042 Құқық
8D061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
8D101 Денсаулық сақтау

(1) Арнайы базалық орта білім бағдарламалары

Университет колледжінде төмендегі кәсіби білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады:

01140500 - Дене тәрбиесі және спорт
02120200 - Киім дизайны
04110100 - Есеп және аудит
0420100 – Құқықтану
06120100 – Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)
06130100 – Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)
07211300 - Тағам өндірісінің технологиясы
07210300 - Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі
10130300 – Тамақтандыруды ұйымдастыру
08410100 - Ветеринария

Кафедра меңгерушісі

15-бап. - (1) Кафедра меңгерушісі декан ұсынысы негізінде, ректор және ректор өкілі (бірінші орынбасары) тарапынан ортақ шешім негізінде 4 (төрт) жылдық мерзімге тағайындалады, қажет болғанда дәл осындай тәртіппен қызметінен босатылады. Кафедра меңгерушісі негізгі жұмыс орнында болмаған жағдайда, кафедра оқытушы-профессорлары арасынан біреуін уақытша міндетін атқарушы ретінде орнына қалдырады.

(2) Міндеттері мен жауапкершіліктері:

а) Кафедраның академиялық, ғылыми және тәрбие жұмыстарын жүйелі және сапалы түрде жоспарлайды, іске асырады, нәтижелілігіне мониторинг жүргізеді,

б) Сыртқы және ішкі мүдделі тараптарымен тығыз қарым қатынас жасау негізінде жаңа және инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлейді, енгізеді, қолданыстағы білім беру бағдарламаларын жаңартады,

с) Кафедраның материалдық-техникалық базасын нығайтады,

д) Кафедраның профессор-оқытушылар құрамының біліктілігінің уәклетті органмен



бекітілген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді,

е) Кафедрада білім сапасын қамтамасыз етудің ішкі және сыртқы жүйелері бойынша жұмыстарды жоспарлайды, жүргізеді,

f) Әр оқу жылының соңында жоспарлармен бағдарламалардың орындалу есебін (жақсарту ұсыныстарымен қоса) және алдағы оқу жылына дайындық есептерін факультет деканына ұсынады.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Басқа да ережелер

Жаңа бөлімдердің ашылуы, біріктірілуі немесе жабылуы

16-бап. - (1) Жаңа факультет, институт, колледж не болмаса бөлімдердің ашылуы, жұмыс істеп жатқан бағдарламалардың (бөлімдердің) біріктірілуі немесе жабылуы Қазақстан Республикасының заңдарына қарай Сенаттың шешімі және Өкілетті кеңестің бекітуімен жүзеге асады.

(2) Университет құрамында Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде де күндізгі, сырттай және қашықтан оқытуды жүзеге асыратын немесе академиялық, әкімшілік және қаржылық қызметтерді үйлестіретін бөлімшелер құрылуы мүмкін. Осы бөлімшелерді тіркеу, лицензиялау және аккредиттеу іс-шаралары тиісті мемлекеттердің заңнамасына сәйкес атқарылады. Қазақстаннан тыс жерлердегі бөлімшелер Өкілетті Кеңестің құзыреті сақталу шартымен, университет Сенатына бағынышты түрде қызмет етеді және арнайы регламенттері болмаған жағдайда, университеттің ішкі ережелерін (регламенттерін) басшылыққа алады. Қажеттілік туындағанда, осы бөлімшелердің Сенаты және Басқару Кеңесі құрылады, Өкілетті Кеңес тарапынан тиісті мемлекеттің заңнамасына сәйкес құзырет пен жауапкершілікке ие бөлімше ректоры тағайындалады. Бөлімше ректорының жұмыс істеу мерзімі 4 (төрт) жыл. Бөлімше ректоры Өкілетті Кеңес тарапынан белгіленген саннан аспау шартымен ректор орынбасарын тағайындайды.

Күшіне ену

17-бап. - (1) Осы регламент, 2021-2022 оқу жылынан бастап күшіне енеді.

Жүзеге асыру

18-бап. - (1) Осы регламенттің ережелері университеттің Ректоры мен Ректор оқілітарапынан жүзеге асырылады.

Өзгеріс енгізу

19-бап - (1) Осы регламентке өзгерістер енгізу Сенат ұсынысымен Өкілетті кеңес мәжілісінде жүзеге асырылады

Регламент қабылданған Өкілетті Кеңес мәжілісінің		
Күні:	Мәжіліс №	Шешім №
Регламентке өзгеріс енгізілген Өкілетті Кеңес мәжілісінің		
Күні: 19.02.2022	Мәжіліс № 71	Шешім № 10.1

